«Абзал жүрек» қамқоршылық кеңесінің отырыс хаттамасы
«Павлодар қаласы Әлихан Бөкейхан лицей-мектебі» КММ
№2 ХАТТАМА

Павлодар қаласы 21.08.2024ж.

Қатысқандар: 10
Қатыспағандар:5
Төрайымы: Тапбаева Индира Ерлековна
Комиссия мүшелері:

1. Касенова Динара Зеинегабиденовна
2. Селиканова Бибигуль Калеловна
3. Усюмбаева Асель Жексенбаевна
4. Балтабаева Самал Заидовна
5. Сейтахметова Алия Зейниловна
6. Бадашева Бахтыгуль Бадашевна
7. Абылденова Айгуль Адамсапиевна
8. Шаймарданов Ермек Кайрханович
9. Окасова Айханым Мирлановна

Мектеп басшысы: Ляйля Бажевна Жусупова
ТЖжБО: Динара Сарсенбаевна Баильдинова
Хатшы: Инара Амантаевна Искакова

Күн тәртібінде:

1. Орта білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар. Мектеп жарғысымен танысу (мектептің ішкі ережесін сақтау, мектеп формасы, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережесі);
2. Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттар;
3. Мектеп қамқоршылық кеңесімен күзет қызметі субъектісімен күзет қызметтерін көрсету туралы шарттың жобасын және техникалық ерекшелікті қабылдау және келісу. Мектептегі қауіпсіздік туралы айтылды.

Тыңдалды: БТЖО Д.С.Баильдинова

Павлодар облысы қаржы басқармасының 2022 жылғы 13 қазандағы №693 бұйрығымен бекітілген Мектеп жарғысымен (мектептің ішкі ережесін сақтау, мектеп формасы, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережесі) таныстырып өтті. «Оқушыларға арналған ережелер» тармағында «Оқушылардың сыр-келбеті» жайлы айтылып, бекітілген мектеп формасын кию, қыздарға опадалап жақпау, шашын жинау, түрлі түске боямау, тырнақ өсірмеу, ұлдар шаштарын уақытылы кию туралы айтылып, мектеп ішінде орамал, бандана, қалпақ, панам, классикалық аяқ киім, спорттық аяқ киім (кросовки, кеды) күнделікті киюге болмайтынын ортаға салды.

Білім туралы қазақстан республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі заңы

47-бап

1) Орта білім беру ұйымдарында білім алушылар білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

49-бап. Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері.

6) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;

7) білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға міндетті.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 16 ақпанда № 13085 болып тіркелді.

Орта білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар

5.Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасы (бұдан әрі – мектеп формасы) оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасының түсі қалыпты және ашық емес түстерден таңдалады.

6.Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі.

7.Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.

12.Алып тасталды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 № 534 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13.Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.

7. Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.

8.**Ұлдардың мектеп формасы:** пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 № 534 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9.**Қыздардың мектеп формасы:** пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.08.2023 № 250 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі.

Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.

Сыртқы келбет - мектеп оқушысына тән болсын (шаштарын әр түрлі түске бояуға, жасанды тырнақ, кірпік жасауға, бет-әлпетті әрлеуге тыйым салынсын).

Шаш үлгісі классикалық үлгіде қиылып жинау (қыздар мен ұлдар үшін).

Сонымен қатар Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 235 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 28 мамырда № 22857 болып тіркелді. Мектеп қаулысында жазылған жалпы тәртіп ережелерін сақтау, өрт қауіпсіздігі, жол ережелерін сақтау, бейбақ сөз қолданбау, мектеп мүлігін бұзбау, т.б. туралы жазылғанын айтты.

Сөз сөйледі: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы – И.Е.Тапбаева ата-аналарға объектілерді қорғау қызметтерін сатып алуға (құқыққа қарсы іс-әрекеттердің алдын алу үшін кешенді іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу), күзет қызметтерін көрсету міндеттері, жұмыс уақыты, күзетуге жататын объектілер, бекеттер саны, техникалық ерекшелігі жайлы айтты.

Мектептегі қауіпсіздік сақтау мақсатында ЖШС «Охранное агенство КБК» басшысы Касенбекова У.К.күзет агенттігі туралы шартпен келісу.

Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін

2 тарау 10. Объектілердің меншік иелері, басшылары 6-тараудың 77-тармағына сәйкес 2-топқа жатқызылған объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін "Күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 959 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10371 тіркелген) сәйкес жекеменшік күзет ұйымдарымен кемінде үш жыл мерзімге күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасады.

Күзет қызметінің субъектісімен көрсетілетін күзет қызметтер туралы шарт жобасы қамқоршылық (ата-аналар) кеңесімен келісіледі.

Шешімі:

1. Білім алушыларға мектеп формасы қою көк классикалық стильде, классикалық аяқ киім, (кроссовки, кеды) күнделікті киюге болмайды қатаң сақталсын.
2. Мектептің ішкі тәртіп ережесінде жазылған талаптар (мектептің ішкі ережесін сақтау, мектеп формасы, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережесі) орындалсын.
3. ЖШС «Охранное агенство КБК» басшысы Касенбекова У.К.қабылдансын.

ҚК төрайымы Тапбаева Индира Ерлековна
ҚК хатшысы Искакова Инара Амантаевна